

Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру іске асырылатын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары типтерінің және түрлерінің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 8 тамыздағы № 398 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 15 тамызда № 33275 болып тіркелді

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-3-бабы бірінші бөлігінің 25) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру іске асырылатын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары типтерінің және түрлерінің тізбесін бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Экономика және қаржы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Зан департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім министрі

C. Нурбек

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім
министрі
2023 жылғы 8 тамыздағы
№ 398 бұйрыққа
қосымша

Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру іске асырылатын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары типтерінің және түрлерінің тізбесі

№ р/с	Білім беру ұйымдары типінің атауы	Білім беру ұйымдары түрлерінің атауы
1.	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары *	1. Институт 2. Университет 3. Академия

Ескерту

* медициналық, әскери, арнайы оқу орындарынан, мәдениет және дene шынықтыру-спорт саласындағы білім беру ұйымдарынан, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясынан, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясынан басқа.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК